

**"Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 14 тамыздағы № 37 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 тамызда № 6890 болып тіркелді

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2019 жылғы 18 маусымдағы № 03-03-586 ұсынысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4539 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2013 жылғы 23 қарашада жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Б. Намаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*Қ. Ысқақов*

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы "14  
" тамыздағы № 37 қаулысына қосымша  
Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы "23  
" қазандағы № 334 қаулысына қосымша

**Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып  
белгіленген карантинді аймақ**

№	Аудандар мен қала атаулары	Барлық залалданған аумақ, гектар	Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, гектар			
			жатаған қызғылт) кекіре	( арам сояулар	калифорниялық қалқаншалы сымыр	қауын шыбыны
1.	Арал ауданы	89	84	1	4	-
2.	Қазалы ауданы	1828	1426	192	-	210
3.	Қармақшы ауданы	212	72	20	-	120
4.	Жалағаш ауданы	3635	3033	481	10	111
5.	Сырдария ауданы	4241	2583	1470	-	188
6.	Шиелі ауданы	4041	2252	1164	5	620
7.	Жаңақорған ауданы	2341	1192	804	5	340
8.	Қызылорда қаласы	2592,5	2293	260,5	18	21
Барлығы		18 979,5	12 935	4 392,5	42	1 610

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК